





"Тәтті өмірге тыйым жоқ"

"Диабет ауруына шалдыққан адамдарға арналған десерттік өнімдер"



BONBON



Бұл жоба

Ерекше топ мүшелеріне (диабет ауруына шалдыққан) және салауатты өмір салтын ұстанатын адамдарға арналған кондитерлік өнімдерді онлайн сатумен айналысатын кәсіпорын. Кондитерлік өнімдерді авторлық рецептура бойынша өндіруді және оларды дайын күйінде, тапсырыс бойынша тұтынушыларға сатуды қарастырады. Сонымен қатар, зиянды консерванттар мен тағамдық қоспалар қосылған өнімдерді глютенсіз және рафинатталған қантсыз жасалған пайдалы өнімдермен алмастыра отырып дәмі мен сапасын жоғалтпауды көздейді.



Жоба миссиясы

Түрлі аурулармен ауыратын, оның ішінде қант диабетіне шалдыққан тұтынушыларға қойылған шектеулерді бұза отырып, альтернативті шешімдерді ұсыну. Сонымен қатар, тұрақты өмір салты қалыптаспаған жасөспірімдердің дұрыс тамақтануын қалыптастыру және қант диабеті, аллергия, артық салмақ секілді аурулардың алдын алу.

Жоба мақсаты

Алматы қаласында дұрыс тамақтану өнімдерін жеке өндіретін кәсіпорын ашу, сатуды ұйымдастыру және пайда көру.





Жобаның өзектілігі

өнімнің кең мақсатты аудиториясы: ресми статистика бойынша Қазақстанда 439 327 адам қант ауруынан зардап шегеді дейді. Ал тәуелсіз сарапшылардың айтуынша, бұл нақты емес.

ҚР қант диабеті Ұлттық тіркелімінің деректерін талдау барысында Алматыда қант диабетінің таралуының жыл сайынғы өсімі 2019 жылдан 2021 жылға дейін 1,74%-тен 2,31% - ға, өскен болатын. Нақтылай келе, орташа жылдық өсімнің көрсеткіші 7% деп анықталды



4P МОДЕЛЬ

Product: Глютенсіз, консерванттарсыз және қантсыз органикалық кондитерлік өнімдер.

Price: орта есеппен 7 000 теңге.

Place: Алматы қаласы, Жетісу шағын ауданы -1/53. Шағын цех.

Promotion: Instagram және TikTok әлеуметтік желілері арқылы жарнамалау. Таргетті жарнама ұйымдастыру.



S.W.O.T. Analysis



Strengths

- Салауатты өмір салтын ұстанатын және диабет ауруына шалдыққан адамдарға альтернативті шешім
- Халал өнімдер
- Глютенсіз өнімдер
- Лактозасыз өнімдер
- Сертификатталған сапа

Weaknesses

- Өнімдердің жоғары сапасына байланысты бағаларының қымбаттылығы

Opportunities

- Сатып алушылар санының артуы
- Бәсекелестердің көшіруі қиын жаңа өнімдер жасау
- Өнім ассортиментін кеңейту
- Валюта бағамының қолайлы ауысуы
- Басқа компаниялармен ынтымақтастық
- Халықтың табыс деңгейінің өсуі
- Бәсекелестердің позициясының нашарлауы

Threats

- Негізгі шикізат бағасының өсуі.
- Валюталық тұрақсыздық
- Жаңа бәсекелестердің пайда болу мүмкіндігі

Жобаның даму жолдары

01

Қолайлы үй жай табу;
дизайнерлік
жөндеуден өткізу

02

Кәсіпкерлікті тіркеу,
әкімшілік және
бақылаушы
ұйымдармен
келісімдер жасау

03

Ашуға арналған жиһаздар
мен жабдықтарды, шығын
материалдарын сатып алу

04

Тексеруден өту,
сертификаттарды
алу

05

Әлеуметтік желілерде өз
веб-сайтымызды және
парақшаңызды құру,
клиенттермен жұмысты
ұйымдастыру

06

Жеткізу қызметімен
келісім шарт



Жоба тәуекелдері



1. Жоғары сапалы
кондитерлік өнімдерге
сұраныстың жалпы
төмендеуі

Шешімі: Тұтынушыларды көбірек тарта алатын жаңа өнім жасап шығару. Маркетингтік және жарнамалық кампаниялар ұйымдастыру. Бағаны төмендету стратегиясын жасау.

2. Шикізаттың жоғарғы
құны

Шешімі: Жеткізушімен ұзақ мерзімді келісім шарт жасау. Шикізат жеткізушісін ауыстыру. Өндіріс талаптарына сай келетін шикізат пен қолайлы жағдайларды ұсынатын баламалы жеткізушілерді іздеу.

Назарларыңызға рахмет!